ҚЫЗЫЛОБА АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ

АКИМ КЫЗЫЛОБИНСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА

ӨКІМ **РАСПОРЯЖЕНИЕ**

30 қаңтар 2026 жыл — № 9

Қызылоба ауылы — село Кызылоба

Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII Заңының (бұдан әрі – Заң) 16-бабының 5,6 тармақтарына сәйкес және «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығының 506, 507, 508, 509 тармақтарына сәйкес **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Заңның 16-бабының 3-тармағының 28-тармақшасында көзделген негіздер бойынша «ФЕБ-С» ЖШС әлеуетті өнім берушісімен Қызылоба ауылдық округі әкімі аппаратының қажеттілігіне алынған бензиндік генераторды жөндеу қызметіне ҚҚС-мен сомасы 72 мың(жетпіс екі мың) теңгеге бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасалсын.
2. Қызылоба ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық кеңесінің 2026 жылғы 29 қаңтардағы №1 хаттамасы негізге алынсын.
3. Мемлекеттік сатып алу веб-порталына шартты жасасу бойынша қажетті іс-әрекеттерді орындау бас маман-есепшісі міндетін уақытша атқарушы бас маман А.Темиргазиеваға жүктелсін.
4. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету талап етілмейді.
5. Осы өкімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
6. Осы өкім қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Қызылоба ауылдық округінің әкімі **Т.Сериков**

000759